
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 312 (2017), 129 – 136

UDC 377.169.3

M.A. Musahanova, A.A. Mindetbayeva

Khoja Ahmet Yasavi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
aknur71@mail.ru

MODEL OF ELECTRONIC PORTFOLIO OF PUPILS

Annotation. In this article the concept of the term portfolio is given and the analysis of portfolio definitions given by various scientists is shown. Types and structures of portfolio, application of portfolio method in increase of pupils creative activity and in development of educational process are considered. In completion the model of electronic pupils portfolio is represented.

Keywords: portfolio, achievements of pupils works, portfolio methods, electronic portfolio.

ӨОЖ: 377.169.3

М.А. Мусаханова, А.А. Миндетбаева

Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

**МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ЭЛЕКТРОНДЫ ПОРТФОЛИО МОДЕЛІ**

Аннотация. Бұл мақалада портфолио терминіне түсінік беріліп, әртүрлі ғалымдардың портфолиоға берген анықтамаларына талдау жасалады. Сонымен қатар портфолио түрлері мен құрылымы қарастырылып, мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекеттерін арттыруда және оқу үрдісін қарқынды дамытуда портфолио әдісінің тиімділігі баяндалады. Соңында мектеп оқушыларына арналған электронды портфолионың моделі ұсынылады.

Тірек сөздер: портфолио, оқушы жұмысының жетістігі, портфолио әдісі, электронды портфолио.

Қазіргі кезде әлемнің барлық елдерінде оқытудың сапасын бағалауға айрықша көңіл бөлініп отыр. Бағалау технологиясы білім беру жүйесіндегі басым бағыт – білім берудің тұжырымдамасы мен стратегиясына негізделеді. Еліміз 12 жылдық білім беруге көшкен кезде бағалау жүйесі өзгереді ме? «Бала жетістігін бағалаудың тағы қандай баламалы жүйесін ұсына аламыз?» - деген сұрақтар бүгінгі күні педагогикалық қауымдастықты толғандыратыны анық.

Психологтар жүргізген арнайы зерттеу көрсеткендей, оқушылардың оқудағы үлгермеушілігінің басты себептерінің бірі өзінің оқу әрекетінің нәтижелерін саралап, сыни тұрғыда бағалай білмеуінен болып отыр. Сондықтан мұғалім мен оқушы әрекетін бағалауды ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін іздестіру қажеттілігі туындайды.

Білім-тоқтаусыз, толассыз үрдіс. ХХІ ғасыр білімін адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсіну ләзім. Бұл-әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгертуге қатыса алуы. Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, тұлғалылығы қалыптасады. Даму да, білім де ешбір адамға қолдан беріле салмайтындығы туралы көптеген ғұламалар айтып кеткен. Кімде-кім оған қол жеткізгісі келсе, әрекет етуі, ақыл-парасатын, қарым-қабілетін жұмсауы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, кез келген білім, ол-өз бетінше білім алу. Шығармашылық әлеуеттің дамуы жаңашылдықтың қажеттілігін сезіну арқылы, оған деген өзінің сенімдерін қалыптастыру арқылы көрінеді де, өз білімін көтеруге негіз болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында, болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты екендігі, дамыған ел болуымыз үшін белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар тәрбиелеуіміз керектігі айтылды. Ол үшін не істеуіміз керек?, - деген сұраққа, Елбасымыз біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар екендігін, біздің Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсарту үшін заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды екендігін атап айтты. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керектігі, барлық мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білулері тиіс екендігі айтылды [1].

Жоғарыда айтқандай Назарбаев зияткерлік мектептерінде бағалау жүйесі қандай? Ол жүйенің оқушы білімін шыңдауына және білімге деген құштарлығын арттыруына әсері қаншалықты? Жалпы қандай бағалау жүйесін қолданған тиімді?

Міне, осы сұрақтар төңірегінде зерттеу жүргізсек, бүгінгі күні оқушы білімін бағалаудың тәсілі ретінде тестілеу әдісі кең қолданыста жүргендігі белгілі. Алайда тестілеу әдісі-оқушылар жетістігін бағалау технологиясының бірі ғана. Қазіргі уақытта оқыту нәтижесін бағалаудың басқа да әдіс-тәсілдері бар. Солардың бірі – портфолио әдісі.

Портфолио – АҚШ кең тараған білімді бағалаудың жүйесі. Мәні – оқушының оқу-танымдық әрекетінің үлгілерінің және өнімдерінің сыртқы көздерден (мұғалімдерден, сыныптастарынан, ата-аналардан, жұртшылықтан т.б.) алынған сәйкесті ақпараттардың материалдарын жинау, таңдау және талдау ұйымдастырылады. Әрбір оқушының оқығандық деңгейін жан-жақты сандық және сапалық жағынан бағалайды, сөйтіп оқыту процесі одан әрі түзетіледі. Мақсаты – оқушының неге қабілетті екенін барынша көрсету.

Портфолио – оқушының жеке жетістігін жинақтау және бағалау тәсілі. Американдық және Еуропалық білім беруде портфолио «оқушы жұмысының жетістігі мен озықтығын көрсететін коллекция» ретінде анықталады. Портфолионың мектепте пайдалану идеясы өткен ғасырдың 80-жылдары АҚШ-та пайда болды. 90-шы жылдары негізгі мектептің барлық оқушылары үшін ұсынылды. Бұл әдістеме оқушылардың қызығушылық аясын анықтауға, олардың өз бейініне сәйкес мектептің жоғарғы сатысында сауатты түрде таңдау жасауға мүмкіндік береді.

Портфолионың қолданыстағы бағалау жүйесінен басты айырмашылығы неде? Бағалаудың 5 балдық дәстүрлі жүйесі мен тестілеу негізінен, білімдегі кемшіліктерді анықтаса, портфолио оқушының үйірме, олимпиада, жарыс, шығармашылық конкурстар, сабақтардағы жетістіктерін көрсетеді [3].

Бағалауды сапалы жаңарту бағдарламалары ретінде соңғы кездерде портфолио технологиясы ұсынылып жүр. Бұл технология оқушы әрекетінің нәтижесін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Шет мемлекеттердің оқыту жүйесінде жоғары бейіндік мектептерде түсуде оқушының жеке жетістік папкасы немесе Оқушы Портфолиосы басты механизмдердің бірі болып табылады. Бұл технология оқушының түрлі жетістіктерін ескере отырып, қайсыбір бейін бойынша оқуын жалғастыруға дайындық деңгейі мен жоғары бейіндік мектепке тиімді әрі ашық конкурс арқылы іріктеу механизмін жаппай тәжірибеге енгізуге арналған негіз жасауға мүмкіндік береді.

Жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы бастауыш сынып жасындағы балаларда қарқынды жүреді. Ендеше, біз, оқушылардың шығармашылығын арттыратын, оқу үрдісін қарқындататын әдіс-тәсілдер мен формаларды анықтап, оны оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдана алуымыз керек. Қазіргі кезде ондай инновациялар көптеп кездеседі. Соның бірі – портфолио әдісі.

Америкалық педагогтар After мен Spandel «Портфолио оқушылардың бір немесе бірнеше пән бойынша жетістіктері мен білім деңгейін көрсететін жұмыстарын мақсатты түрде жинақтау» деп түсініктеме берген.

«Портфолиоға» педагогика ғылымында түрліше анықтама беріледі. Портфолио (portfolio – ағылшын сөзі) – портфель сөзі – маңызды құжаттар үшін арналған папка деген мағынаны білдіреді. «Шетелдің жаңа сөздігінде» портфолио визиттік карточка есебінде қолданылады, яғни, адам туралы ақпарат, ұйымның белгілі құжаттарының жинағы, жұмыс үлгілері деп түсіндіреді.

Ал Т.Г. Новикова басқарған редакция алқасы портфолионың қызметін 1 суретте көрсетілгендей түсіндіреді:



Сурет 1 - Портфолио қызметі

Оқушылар портфолиосы, олардың дамуын, өзін-өзі көрсете білуін, жеке тұлға ретіндегі ерекшелігін, оқушының өз жұмысына рефлексиясын көрсетуін, оқушы жұмысының нәтижесінің өзіндік бағалауын қамтамасыз етеді. Оқушылардың портфолиосы бірқатар өзіндік ерекшеліктермен (2 суретке сәйкес) сипатталады.




Сурет 2 - Портфолионың ерекшеліктері

Көптеген Ресейлік басылымдарда портфолио педагог-практиктерге маңызды міндеттерді шешуге көмектесетіні атап айтылған, мысалы:

- оқушының сабаққа деген жоғары деңгейін қолдау;
- белсенділігі мен дербестігін көтермелеу;
- оқуға деген іскерлігін қалыптастыру, алынған білімі мен дағдысын практикада қолдана білу.

Оқушылар портфолиосы баланың жұмысының мән-мағынасын ашып көрсетуге бағытталады. Сондықтан портфолио мазмұнына қарай төмендегіше (3 суретке сәйкес) жіктеледі.



Сурет 3 - Портфолионың мазмұнына қарай жіктелуі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауының, дағдарысқа қарсы және құрылымдық жаңарулардың бес бағыты бөлімінің «Жаңа инвестициялық саясаттың негіздері» деп аталатын төртінші бағытында *техникалық кадрлар дайындау жүйесін дамыту қажеттілігін және Смарт-технологиялар, жасанды интеллект, жобалау және инжиниринг салаларында біліктілікті дамыту керектігін баса айтты*[2].

Ал Смарт оқыту дегеніміз не? Смарт оқыту – бұл білім берудің жаңа парадигмасы. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер, сонымен қатар Қазақстан да Smart білімін дамытуға назарын аударды. Жаңа Smart-қоғамның моделі деген бұл заманауи ақпараттық және ұйымдық жүйелер арқылы адамның интеллектуалдық, жоғары технологиялық, жайлы ортасын құру. Қойылғын міндеттерді заманауи технологияларды қолданатын, жаңа ойларды, білімді және интеллектуалдық капиталды түрлендіретін маман шешеді.

Smart-оқытуды ендіру үшін, біріншіден, оқу үдерісінің жоғары дәрежелі технологияландырылуы мен автоматтандырылуы, кез келген жерде жоғары жылдамдығы бар сымсыз ғаламтор мүмкіндігіне арналған барынша мобильділікпен қамтамасыз ету, педагогтар жоғары дәрежелі технологиялық құзыреттілікке ие болуы қажет.


Ал жоғары дәрежедегі мамандарды даярлау сатысы мектеп қабырғасы екендігі айдан анық. Осыған байланысты мектеп оқушыларының қабілеттері мен дарындылығын ашу және дамыту білім беру үдерісінің ең бірінші мақсаты екендігі белгілі. Қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың дамуы, білім беру процесінің тиімділігін арттыруына себеп болып отыр. Бүгінгі таңда олар тек оқыту барысында ғана емес, сондай-ақ білім беру сапасын бағалауда да қолданылады. Оқушының жеткен жетістіктерін бағалаудың бірден-бір тәсілі – Электрондық портфолио технологиясы.

Электрондық портфолио - жеткен жетістіктердің мониторингі, оқушының белсенділігін жан-жақты түрде (білім беру, ғылыми, әлеуметтік және т.б.) көрсететін құралы болып табылады.

Электрондық портфолио – оқушының жеке жетістіктерін бекіту, бағалау, жинақтау тәсілі болып табылады. Оқушы журналы мен дипломы арқылы салыстырғанда, оқушының жетістіктеріне неғұрлым кең талдау жасауға, терең баға беруге мүмкіндік береді. Электрондық портфолио мектептен тыс жеткен жетістіктері, конференцияларда сөйлеген сөздері, жарыстағы жеңістері, мақалалар, ғылыми жетістіктері, өнердегі табысы, сертификаттар, дипломдар көрсетіледі. Портфолио соңдай-ақ балдық-рейтингтік жүйе бойынша оқушыны бағалауда пайдалануға болады [4].

Қазіргі таңда Қазақстанның орта білім беру жүйесі электронды басқару желісіне қосылған. Осыларға тоқталып өтейік.

Олардың бірі Kundelik.kz (<https://kundelik.kz>) сайты (4 сурет). Бұл білім беру басқару мекемелерінің өкілдеріне, сондай-ақ мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға, білім беру ұйымдарының әкімшілеріне бірыңғай электрондық білім беру аймағы болып табылады [5].




Сурет 4 - Kundelik.kz сайтының жалпы көрінісі

«Күнделік» автоматтандырылған ақпараттық білім беру жүйесі қызметінің басты бағыттары:


- Мектептің білім беруін жаңғырту.
- АКТ-ның озық интеграциясы білім беру процесінде.
- «Педагог-оқушы-ата-ана» коммуникациясын интерактивті дамыту.
- Бірыңғай ортаның ақпараттық алмасуын енгізу.
- Мектеп экожүйесіне қызмет көрсету және құру.
- Қашықтықтан білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі электронды журналдың жалпы көрінісі төмендегіше (5 суретке сәйкес).




Сурет 5 -НЗМ электронды журнал көрінісі

Келесі Қазақстанда орналасқан Білім Инновациялық лицейлерінің (бұрынғы Қазақ-Түрік лицейі) электронды басқару жүйесін қамтитын [Shymkentgirlsktl.edupage.org](http://shymkentgirlsktl.edupage.org) (<http://shymkentgirlsktl.edupage.org>) сайты (6 сурет) [6].



Сурет 6 - <http://shymkentgirlsktl.edupage.org> сайтының жалпы көрінісі



Сурет 7 - Edupage.org жүйесінің ішкі құрылымы

7-суретте аталған жүйенің ішкі құрылымы келтірілген. Мұнда көрініп тұрғандай хабарлама, сынып журналы, бағалар хабаландыру тақтасы, оқушылардың сабаққа қатысуы, үй тапсырмасы, сабақ кестесі және тағы басқа бөлімдер қамтылған.

Жоғарыда келтірілген электронды басқару жүйелерін талдау барысында өзімізге ыңғайлы, мәлімет енгізу мен қажетті сұраныстарды алу оңайға түсетін электронды портфолио жасауды қолға алды. Портфолионың электронды нұсқасын жасамас бұрын, алдымен оның моделін құрып алу керек. Төменде (8-суретке сәйкес) электронды портфолио моделінің бір нұсқасы көрсетілген. Мұнда жалпы портфолио 4 бөлікке бөлінген: жеке мағлұматтар, бағалау, пікірлер, жетістіктер. Әрбір бөлікке суретте көрсетілгендей мәліметтер енгізіледі.



Сурет 8 - Электронды портфолионың моделі

Әрбір бөліміне жеке тоқталатын болсақ, аты айтып тұрғандай, алғашқы бөлімге оқушының жеке мағлұматтары толтырылады. Келесі бөлім – бағалау. Мұнда әрбір тоқсанның бағасы және рейтингтік немесе жылдық қорытынды бағалар ендіріледі. Пікірлер бөлімінде оқушы жайлы мұғалімдер мен басқа да оқушылар өз пікірлерін қалдыра алады. Келесі бөлімде оқушының білім, өнер, спорт және тағы да басқа салалар бойынша жетістіктерін айқындайтын құжат көшірмелері енгізіледі. Қазіргі таңда портфолио Қазақстан мектептерінің барлығында кең қолданыс тапқан. Дегенмен, олар түгелдей дерлік қағаз құжат түрінде рәсімделеді. Егер осы портфолионы электронды түрде қолдану жүйесін енгізсек, онда әрбір оқушы жайлы мәліметпен кез-келген уақытта, кез-келген жерде таныса алар еді. Электронды портфолиоға енгізілген құжаттарды тез әрі сапалы өңдеуге, қажет болған жағдайда, керек еткен тұлғаларға, интернет желісі арқылы жылдам жолдауға болады. Сонымен қатар, электронды нұсқа барлық адамдарға қолжетімді болғандықтан, оқушылардың да сабағы үнемі бақылауда тұрады және әрбір оқушы қатар құрбыларымен бәсекелестікте білім алып, оның нәтижесін көрсетуге тырысады.

Ендігі мәселе, бұл электронды портфолионы қай бағдарлама көмегімен жасаймыз? Қазіргі таңда электронды портфолио жасауға ыңғайлы көптеген бағдарламалық орталар мен қабықшалар бар.

Қорыта келе, білім саласы бір салада қалмауы керек. Өрқашанда, өмірдің талабына сай өзгеріп отыруы қажет. Сонымен, оқуда портфолионы қолдануға арналған әдебиеттерді талдау барысы мектептегі білім беруді жанарту үшін портфолионың үлкен мүмкіндіктері бар екенін көрсетті. Біздің жалпы орта мектептерде портфолио технологияларын меңгеру-білім беру сапасын көтерудің маңызды бағыттарының бірі болуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. www.akorda.kz сайтынан

[2] Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы. www.akorda.kz сайтынан

[3] Каримова Г.К. Портфолио – шығармашылыққа бастар сара жол. Вестник КАСУ №5 – 2009.

[4] Шевчук И.С., Романова О.В. Электронное портфолио студента. Информационные системы и коммуникативные технологии в современном образовательном процессе: сборник научных трудов. Белорусский гос. агр. техн. ун-т. – Пермь: ИПЦ «Прокрость», 2014. – 176 с.

[5] <https://kundelik.kz>

[6] <http://shymkentgirlsktl.edupage.org>

REFERENCES

- [1] Kazakhstan Respublikasinin Prezidenti N.A.Nazarbayevtin 2014 zhilgi 17 kantardagy «Kazakhstan zholy – 2050: Bir maksat, bir mudde, bir bolashak» atty Kazakhstan halkina Zholdayu. www.akorda.kz
- [2] Kazakhstan Respublikasinin Prezidenti N.A.Nazarbayevtin 2015 zhilgi 30 karashadagi «Kazakhstan zhana zhahandik nakti ahualda: osu, reformalar, damu» atty Kazakhstan halkina Zholdayu. www.akorda.kz
- [3] Karimova G.K. Portfolio – shigarmashilikka bastar sara zhol. Vestnik KASU №5 – 2009.
- [4] Shevchuk I.S., Romanova O.V. Elektronnoe portfolio studenta. Informatsionnye sistemy i kommunikativnye tehnologiyi v sovremennom obrazovatelnom prosesse: sbornik nauchnih trudov. Belorusskii gos.agr.tehn. univ. – Perm: IPS «Prokrost», 2014. – 176 str.
- [5] <https://kundelik.kz>
- [6] <http://shymkentgirls.kz/edu/page.org>

УДК 377.169.3

М.А. Мусаханова, А.А. Миндетбаева

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

МОДЕЛЬ ЭЛЕКТРОННОГО ПОРТФОЛИО ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация. В данной статье дается понятие термина портфолио и приводится анализ определений портфолио, приведенных различными учеными. А также рассматриваются виды и структуры портфолио, применение метода портфолио в повышении творческой деятельности учащихся школ и в развитии учебного процесса. В завершении представляется модель электронного портфолио школьников.

Ключевые слова: портфолио, достижения работ школьников, методы портфолио, электронное портфолио.